

## Орман қорының жер учаскесін таңдау туралы Акт

Жамбыл облысы, Шу ауданы

04.05. 2026 жыл.

Ереже (жарғы) негізінде әрекет ететін атынан мемлекеттік орман иеленушінің өкілі «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Қосудық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ-нің директоры **Камбетов Максат Мухтарович**

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

бір тараптан және ереже (жарғы) негізінде әрекет ететін мемлекеттік органның, жеке немесе заңды тұлғаның өкілі **«Jibek Joly» арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі - АЭА), басқарма төрағасы К.Оспанбеков**

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) (бұдан әрі - өтініш беруші) (кажеттісінің асты сызылсын) екінші

тараптан төмендегілер туралы осы актіні жасады: **«Jibek Joly» арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі - АЭА)** (жеке адамның тегі, аты, әкесінің аты немесе мемлекеттік органның немесе заңды тұлғаның атауы)

келіп түскен өтінішке сәйкес көрсетілген учаскеге тұрған күйінде тексеру жүргізілді.

Тексеру кезінде мыналар анықталды:

1. Учаске **«Қосудық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Алабота орманшылығының** (мемлекеттік орман иеленушінің атауы)

**№8, №9, №88** орамдарында орналасқан.

2. Тексерілген учаскеде **47,21** га алаң бар, оның ішінде:

2.1 орман, орман көмкерген **2** га.

2.2 орман, орман көмкермеген \_\_\_\_\_ га.

2.2.1. алқаптар **45,21** га.

2.2.2. шабындықтар \_\_\_\_\_ га.

2.2.3. жайсыз жерлер (батпақтар және басқалар) \_\_\_\_\_ га.

2.2.4. жайылымдар \_\_\_\_\_ га.

2.2.5. жолдар \_\_\_\_\_ га.

2.2.6. басқа жерлер \_\_\_\_\_ га.

3. Орман көмкерген алқап мыналардан тұрады:

Жер атауы	Орам нөмірі	Телім	Учаске алаңы	Құрамы	Жас сыныбы	Жуандығы	Сүрек қоры	
							кәделік	отын
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Алабота орманшылығы	8	3	0,46	Орман көмкерген	40	0,4	-	6,9
	9	15	0,7	Орман көмкерген	51	0,3	-	20,3
	9	16	0,135	Орман көмкерген	51	0,4	-	6,075
	9	17	0,56	Орман көмкерген	49	0,4	-	19,04
	6	18	0,145	Орман көмкерген	49	0,3	-	3,625
Жиынтығы			2					55,94

4. Тексерілген учаске Қорағаты өзенінің батыс жиегінде орналасқан.

5. Орман қорының санаты : егістік және топырақ қорғау.

6. Учаскенің орман шаруашылығы ерекшеліктері: ерекшелігі топырақ эрозиясы мен құм көшкінінен қорғау.

7. Учаске мәлімделген мақсаттарға жарамды (жарамсыз), мынадай геологиялық-жер сипаттамасы бар: Газ құбырын және ВЛ 35 кВ электр желісін тарту үшін жарамды.

8. Бұдан бұрын орман қоры жерінен орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстырылған жер учаскелерінің болуы және орналасуы: учаске орман шаруашылығының жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстырылмаған.

(орам №, орманшылық, беру мақсаттары және учаскелер берілген ұйымның атауы көрсетілсін)

9. Беруге жоспарланып отырған жер учаскелерін пайдалану мақсаттары, орман қорының жерін бұдан бұрын белгіленген нысаналы мақсаты мен пайдалану мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы, негіздеме, балама нұсқалардың жоқтығы: «Jibek Joly» арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі - АЭА), құрылысын салу мақсатында, орман қорында газ құбырын және ВЛ 35 кВ электр желісін тарту мақсатында, орман қорының жерін бұдан бұрын белгіленген нысаналы мақсатымен пайдалану мүмкін.

10. Әкімшілік ауданның ормандануы: 18 пайыз

11. Сұралып отырған алқапты беру шарттары:

а) беру мерзімі: Уақытша пайдалануға

б) рұқсат етілетін тазарту және жерді томарлардан тегістеу мөлшері орман иеленушімен келісім бойынша ағаш кесуді қажетті көлемде жүргізуге және ағашты орман иеленушіге өткізу көлемі-сүрек қоры 55,94 м³.

в) учаскені алушының міндеттемесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы «Ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» №18-02/942 бұйрығымен бекітілген шараларды сақтау. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптар, жер учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар және оларды жүргізу.

12. Акт жасау кезінде мынадай, оның ішінде сұралып отырған учаскені беру мүмкіндігі немесе оны беру мүмкін еместігі туралы ескертпелер мен ұсыныстар жасалды:

**Ұсыныстар:**

- учаскенің өртке қарсы және санитарлық құрылысын қамтамасыз ету, орман өрттерін сондіру бойынша қажетті шараларды қабылдау;

- жер учаскесін нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ету;

- орман қоры жерінде топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін және сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйіне теріс әсер етпейтін тәсілдермен жұмыс жүргізуді;

- орман шаруашылығы және өртке қарсы мақсаттағы электр желілерінің сақталуын, сондай-ақ оларды қажетіне қарай жөндеуді жүзеге асыру қамтамасыз ету;

- мемлекеттік орман шаруашылығы қызметкерлеріне, құзырлы органдардың адамдарына және де орман пайдаланушыларға, сондай-ақ мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорттық іс-шаралар кезінде қатысушыларға кедергісіз өтуін қамтамасыз ету;

- сондай ақ, берілген учаскеде экологиялық іс шараларды қолайлы әдістермен және тәсілдермен жүргізу.

«Қосқұдық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі» КММ-сі, сұралып отырған МОҚ учаскесінде қазба жұмытарын жүргізу барысында кәделік ағаш кесілген кезде, Салық кодексінің 508-бабына сәйкес салық мөлшері салынады.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды ұсына отырып, мекеме басшылығының шешімі сұралып отырған - 47,21 га газ құбырын және ВЛ 35 кВ электр желісі жұмысын жүргізуге, мемлекеттік сараптамаға сәйкес бұзылған жерлерді қалпына келтірумен аяқталатын жұмыстарын жүргізуге келісімдейді.

Қолдары:

«Қосқұдық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі»

КММ-нің директоры:

(лауазымы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі

М.Камбетов

«Jibek Joly» арнайы экономикалық

аймақ (бұдан әрі - АЭА)

(лауазымы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі

К.Оспанбеков

